

Алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына бақылау жасауды күшейту жөніндегі шаралар туралы

Күші жойған

Май аудандық әкімдігінің 2003 жылғы 19 мамырдағы N 92-14 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 23 маусымда N 1890 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 182/8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 182/8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 31 бабы н е г і з і н д е .

Облыс әкімінің 2001 жылғы 12 маусымдағы "Алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына бақылау жасауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" N 5/1 шыққан қаулысын орындау үшін аудан аумағында алкоголь өнімдері айналымын реттеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, тұтынушылар нарығын сапалы өніммен қамтамасыз ету, акциздерді толығынан жинау, өндірушілер мүдделері мен тұтынушылар құқықтарын қорғау мақсатында аудан әкімдігі ҚАУЛЫ етеді:

1. Алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына бақылау жасау жөніндегі аудандық комиссия құрылсын:

Әлжанов Т.Ә. - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері:

Қоңыржанов Ә.Б. - аудан әкімінің экономика бөлімінің бастығы

Теміржанов Қ.Қ. - аудан салық комитетінің бастығы

Сейітахметов С.Қ. - аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы

Өтеубаева А.Н. - аудандық СЭС-тің бас дәрігері

Литвинова Н.В. - аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы

Уәлиева К.Б. - жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығының Май филиалының бастығы

2. Алкоголь өнімдерін өндіру және оның айналымына бақылау жасау жөніндегі аудандық комиссияның жұмыс жасау тәртібін реттейтін қағида б е к і т і л с і н (қ о с ы м ш а).

3. Аудан әкімінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы "Аудан әкімінің 2000 жылғы 21 ақпандағы N 42 шешіміне өзгерту енгізу туралы" N 287 шешімінің күші

а с ы р а д ы :

1) Аудан әкімшілігі мен әкіміне аудан аумағындағы алкоголь өнімдері нарығының жай-күйі туралы мониторинг пен ақпараттық талдау материалдарын беруді жүзеге асырады ;

2) Алкоголь өнімдері айналымы саласындағы өз қызметтерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының, ауыл әкімдерінің алкоголь өнімдері айналымының ережелерін сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерін үйлестіреді және бақылайды ;

3) Мемлекеттік органдардың аудан аумағында алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына бақылау жасау жөніндегі өзара жұмыстарының қарым-қатынас нобайын бекітеді ;

4) құқық қорғау, салық және басқа мемлекеттік органдардың алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымын бақылау жөніндегі жұмыс нәтижелеріне талдау жасайды ;

5) Алкоголь өнімдері айналымы саласындағы өз қызметтерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың ауыл әкімдерінің алкоголь өнімдері айналымының ережелерін сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі өз функцияларын жүзеге асырудағы мемлекеттік органдар басшыларының есептерін тыңдайды.

8. Комиссияға жүктелген алкоголь өнімдері өндірісі мен айналымы саласындағы негізгі міндеттер мен функцияларды жүзеге асырған кезде ол:

1) аудан мемлекеттік органдарынан, ауыл әкімдерінен комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша қажетті ақпараттарды сұратуға ;

2) алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына бақылау жасауды жақсарту жөнінде аудан әкімімен мүдделі мемлекеттік органдарға ұсыныстар жасалуға ;

3) комиссия құзыры мәселелеріне қатысты нормативтік-құқықтық кесімдерін, жобаларын дайындауға қатысуға ;

4) комиссия құзырына қатысты мәселелер бойынша ресми түсініктемелер беруге ;

5) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

Комиссияны төраға - аудан әкімінің орынбасары басқарады. Төраға Комиссияның жұмысын ұйымдастырады және қызметіне басшылық жасайды, Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді, өз құзыры шеңберінде Комиссияның барлық мүшелеріне, ауылдың әкімдеріне міндетті болып табылатын тапсырмалар мен нұсқаулар береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК